

1

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық- техникалық колледжі
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнама талаптарын
сақтау мәселелері бойынша ІІ тоқсан барысындағы нормативтік актілерді
түсіндіру жиналысының
№2 ХАТТАМАСЫ

12.06.2025 жыл.

Жетісай қаласы

Төраға: колледж директоры Л.А. Баймаханова

Хатшы: Анықбеков А.Қ

Қатысқан қызметкерлер саны: 124 адам

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және ҚР Еңбек кодексі, ҚР мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексімен таныстыру.
2. Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ақпарттық түсіндірме жұмыстары.

Жиналысты колледж директоры Л.А. Баймаханова ашып, күн тәртібімен, мақсатымен таныстырды. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Сыбайлас жемқорлықтың қоғам дамуына кері әсер ететініне, Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан антикоррупциялық саясаттың маңыздылығына тоқталып, әрбір қызметкердің заң талаптарын сақтауы міндет екенін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты колледж комплаенс-офицері Н.Б. Жетібаева шығып, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және ҚР Еңбек кодексі, ҚР мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексімен таныстырды.

2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын күшейту – тәуекелдерді талдау, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыру;

Цифрландыруды дамыту – адам факторын азайту арқылы жемқорлық тәуекелдерін төмендету;

Қоғамдық бақылауды күшейту – азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуын кеңейту;

Жауапкершілікті күшейту – құқық бұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпастығы;

Антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру – халық арасында адалдық қағидаттарын насихаттау.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі еңбек қатынастарын реттейтін негізгі құқықтық акт болып табылады. Оның негізгі қағидаттары:

еңбек құқықтарының теңдігі;

қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

еңбек тәртібін сақтау;

жұмыс беруші мен қызметкердің өзара жауапкершілігі.

Еңбек кодексінде қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері нақты көрсетілген және қызмет барысында заң бұзушылықтарға жол бермеу қажеттігі атап өтіледі.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын белгілейді. Негізгі талаптар:

адалдық және әділдік;

қызметтік міндеттерді сапалы орындау;

азаматтарға құрметпен қарау;


жеке мүдделер мен қызметтік міндеттердің қайшылығына жол бермеу;

сыбайлас жемқорлық әрекеттерге мүлдем төзбеушілік.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Л.А. Баймаханова жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:



Л.А. Баймаханова

Хатшысы:



Анықбеков А.Қ




Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы
(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылы 2 ақпандағы №802 Жарлығы);



Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
(Қазақстан Республикасы Кодексі 2015 жылы 23 қарашадағы № 414- V ҚР З);



Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі
(Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы).



Қазақстан Республикасының сыбайлас мемқорлыққа қарсы саясатының 20 жылдарға арналған программасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы
(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылы 2 ақпандағы №802 Жарлығы);



Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
(Қазақстан Республикасы Кодексі 2015 жылы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ);



Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің адал кодексі
(Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылы 29 желтоқсандағы №1 Жарлығы);

